

Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

16 август

Сенбі

|| жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 33 жыл

Егін жыйнау қарқынын шұғыл күшейтіп, мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыратын болайық. Кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндеттемелерді аброймен орындау міндеті жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарынан, колхоз, совхоз және МТС басшыларынан, сол сыяқты, барлық ауылшаруашылық қызметкерлерінен осыны талап етеді.

парызы

дағы бірінші парыз — жоспарын орындауға қарап отырған колхоз в ауданында жоқ емес: » колхозының председерия атындағы колхоз-мирнов және басқалар отыр. Өйткені, бұл астық қырмандарыгер астық дайындау түсіз жатыр.

қ тапсыруда кездесіп мшіліктерге бұдан әрі йды, өйткені, астық неуілдетіп, жоспарды заққа созып алу қаудықтан астық дайынарбір колхоз бен советітетін болу керек. Ол еңбекті дұрыс ұйымзарту ісіне колхозшыы қатысуын қамтамасқа барлық механизапайдалану қажет.

қ тапсыру және МТС аттай ақы төлеу жосорындау көп реттерде орты мен жұмыс малалануға байланысты. у орындарына астық ынмен тасуда үздік вен шөферлер мен

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Министрлер Кабинетінің Председателі КИМ ИР СЕН жолдасқа

ПХЕНЬЯН

Корей Халық-Демократиялық Республикасының ұлттық мерекесіне байланысты, Председатель жолдас, Сізден менің шын жүректен білдірген құттықтауымды, сонымен бірге, қаһарман корей халқының өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресінің табысты болуына тілектестігімді қабыл алуыңызды сұраймын.

И. СТАЛИН.

Москва, Кремль

ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Генералиссимус Иосиф Виссарионович СТАЛИНГЕ

Председатель жолдас!

Ұлы Совет Одағының аса қуатты қарулы күштерінің Кореяны жапон империализмінің тепкісінен азат етуінің 7 жылдығы күні Корей Халық-Демократиялық Республикасы Үкметінің, бүкіл халқының атынан және өз атымынан, корей халқының азат етушісі, ең жақын досы, Сізге және Сіз арқылы ССРО Үкметіне, Совет Армиясына және бүкіл совет халқына корей халқының шын жүректен шыққан алғыс сезімін білдіруіме рұқсат етіңіз.

Кореяны азат еткен алғашқы күндерден бастап Совет Үкметі Кореяның шын тәуелсіз халықтық-демократиялық мемлекетін құру ісіне мейлінше жәрдемдесті, экономикалық және мәдениет құрылысында оған көмек көрсетіп келді және әлі де көмектесуде.

Совет Одағының ұлы өнегесімен рухтанған корей халқы халықтық демокра-

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Жоғарғы Халық Жыйналысы Президиумының Председателі КИМ ДУ БОН жолдасқа

ПХЕНЬЯН.

Корей халқын жапон басқыншыларынан азат етудің 7 жылдығы күні Председатель жолдас, менің шын жүректен білдірген құттықтауымды және бізді елдеріміздің халықтары арасындағы достықтың одан әрі нығая беруіне тілектестігімді қабыл алуыңызды сұраймын.

Н. ШВЕРНИК.

ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. М. ШВЕРНИККЕ

МОСКВА

Айбынды Совет Армиясының корей халқын жапон империализмінің құлдығынан азат еткен күніне байланысты, Корей Халық-Демократиялық Республикасының Жоғарғы Халық Жыйналысы Президиумының атынан және өз атымынан Совет Одағының Корей Халық-Демократиялық Республикасына оның экономикасы мен мәдениетін қайта көркейттіп, дамыту ісінде қалтқысыз көмек көрсеткен үшін Сізге және Сіз арқылы совет халқына шын жүректен алғыс айтамын. Совет Одағының корей халқына көрсеткен қалтқысыз көмегі өз еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы, американ-ағылшын империалистеріне қарсы күрестегі біздің табыстарымыздың аса маңызды факторларының бірі болып табылады.

КИМ ДУ БОН,

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Жоғарғы Халық Жыйналысы Президиумының Председателі.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Сыртқы Істер Министрі

қарастырылмаған. Міне, осының салдарынан «Қызылту» колхозында (Октябрь ауданы) астық дайындау алғашқы күндерден бастап ақ ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Қырмандағында 1400 центнер астық жатқанына қарамастан, соңғы бес күнде колхоз астық тасуға мүлдем қатысқан жоқ. Осы сыяқты, «Заря коммунизма» және «Балуан» колхоздары да астық дайындаудың барысында бүкіл Октябрь ауданы бойынша артта қалып келе жатқан шаруашылықтар. «Заря коммунизма» колхозы қырмандағы 2700 центнер астықтың соңғы бес күнде дайындау орындарына бірде-бір центнері тапсырылған жоқ. «Балуан» колхозының председатели Тоқтамысов жолдас қырманда 6 мың пұт астықтың бөтелуіне төзімділік жасап келеді.

Коммунизмнің ұлы құрылыстары — бүкілхалықтық іс

Куйбышев су электр станциясы үшін машиналар

ВОРОШИЛОВГРАД, 14 август. (СОТА). Пархоменко атындағы Ворошиловград заводының машина жасаушылары Куйбышев су электр станциясы құрылыстарының ірі заказын орындауға кірісті. Бүгін заводтың машиналарды көптеп шығару линиясынан конструкциясы бұрынғыдан да жақсартылған «Гул—2» универсалдық бірінші грохот жасалынып шықты.

Куйбышев су электр станциясының құрылысы жөніндегі ССРО Министрлер Советінің қаулысының жарияланғанына

ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫСТАР ҮШІН

СЛАВЯНСК, (Сталин облысы) 14 август. (СОТА). Бүгін Славянск құрылыс машинасы заводында үлкен қуатты бірінші гидро— хоботты әзірлеу жұмысы аяқталды. Бұл — жер астындағы гидротехникалық ірі жабдықтарды орналастыру кезінде үлкен тереңдікке өзілген бетонды әперуге арналған арнаулы механизм. Бұл механизммен фундаменттерді, скважиндерді және тағы басқа сондай ауыр жабдықтарды орналастыруға болады.

Мемлекет алдындағы бірінші парызды мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз ету — міне, партия ұйымдарының бүгін таңдағы аса көңіл бөлетін мәселесі осы. Бұл күресте партия ұйымдары егінгі органда, астықты комбайннан қырманға, қырманнан дайындау пункттеріне және колхоз қоймаларына тасығанда бірде-бір дәннің ысыраққа ұшырамауын қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекет мүддесі, қоғамдық шаруашылық — колхоз мүддесі, міне, осыны талап етеді.

Егін жыйнау қарқынын шұғыл күшейтіп, мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске барлық күш- мүмкіншілікті жұмылдыратын болайық.

екі жыл толу құрметіне машина жасаушылар август айының ішінде екінші жарты жылдың заказы бойынша 24 грохот жасап шығаруды ұйғарды.

Рудь атындағы заводтың коллективі металл кесетін саймандардың бір тобын Куйбышев су электр станциясы құрылысына жөнелтіп, заказды мерзімінен бұрын орындады.

Жол қатынас Министрлігінің заводы ұлы құрылысқа су проводы трубалары тиелген 8 вагон жөнелтті.

Жыл аяғына дейін завод осындай 50 механизм әзірлемекші. Бұл механизмдер Куйбышев, Сталинград және Каховка су электр станцияларының құрылыстарына жөнелтіледі.

Үнемі жұмыс істеп тұратын бірінші бөтоно мешалканы жыйнастыру басталды. Көлемі жағынан бұл кішкене машина өзінің өндірістік күші жағынан бетон заводына парапар.

жұмылдырдым. Өткен айда поездардың жол жүру нормасын 130 проценттен асыра орындадым. Мұндай табысқа жетуіме күнбе-күнгі жұмыстың барысында Лунич мен Стульниковтың әдісін қолдану көп көмектесті. Осы әдістің арқасында үстіміз дегі жылдың басынан бері жол-жөнекей составтардың тоқтап қалуына жол бергенім жоқ.

Техникалық байқау пункттерінде составтарды тек қана жылдамдатылған әдіспен қабылдаймын. Бұл арқылы әрбір поездың станциядан үнемі график бойынша жөнелтілуіне мүмкіншілік туады.

Жол-жөнекей вагондардың ағытылуына және составтың тоқтап қалуына кездесес үшін поездардың жол жүру хауіпсіздігін қамтамасыз ететін бөлшектердің дұрыстығына ерекше көңіл аударамын. Егер ақаулар кездесе қалса, көбінесе оларды өз күшіммен жөндеуді қолданамын.

Біздің жұмысымыздағы негізгі міндеттердің бірі жанар майларын үнемдеу бөліп табылады. Әрбір поезд-вагон мастери сапарға шыққанда материалдар мен бөлшектерді ұқыптылықпен жұмсауға жете назар аударуға тиіс. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін еңбектің тиімді әдістерін қолдану — августтың алғашқы аптасында менің 30 килограмм жанар майын үнемдеуіме мүмкіншілік берді. Сонымен қатар, біз далалық станцияларда ескі бөлшектерді жыйнап алып, қайтадан қалпына келтіру арқылы мемлекет қаржысын көптеп үнемдейміз.

Түркістан-Сибирь темір жолындағы Матай бөлімшесі коллективінің Қазақстанның барлық теміржолшыларына арнаған Үндеуіне сәйкес мен өзімнің бұрынғы міндеттемелерімді қайтадан қарастырып, поездардың жол жүру графигін үнемі қалтқысыз орындауыма келелі үлес қосуға арнап жаңа көтеріңкі міндеттемелер алдым. Еңбектің озат әдістерін қолдану менің бұл міндеттемемнің де абыроймен жүзеге асытындығының көпшілі болып табылады.

Ж. МАҚЫШОВ,

Петропавл резервінің поезд-вагон мастери.



Петропавл паровоз депосының слесарі Александр Сладков Матай бөлімшесі теміржолшыларының Үндеуіне сменалық тапсырмасын үнемі 3 есе орындаумен жауап беруде.

СУРЕТТЕ: слесарь А. Сладков жолдас. Суретті түсірген А. Розенштейн.

300 процент

Петропавл паровоз депосының шаруашылық цехы күні осы уақытқа дейін кран балкаларына арналған редукторларды еліміздің басқа кәсіпорындарынан алып келді. Өйткені, мұндай бөлшектер біздің депода бұрын дайындалмайтын. Ал, пынында редукторларды паровоз депосының жардайында жасауға толық мүмкіншілік бар.

Мен өзімнің көп жылдық тәжірибемді қолдана отырып, осы бөлшекті жергілікті жерде жасау жөнінде ұсыныс жасадым. Бұл ұсынысымды депоның рационализаторлық бюросы талқылап, өндіріске енгізуге болады деп тапты. Кәзір осы ұсыныс бойынша кран балкаларына арналған редукторлар өзімізде де жасалатын болды.

Бұл жөнінде мен өзімнің күнбе-күнгі тапсырмамды 300 проценттен орындап жүрмін.

А. СЛАДКОВ,

Паровоз депосының токарі.

лындағы руга, сөі коммунист үлесін қ Петропавл машинисте

Бұл еу бөсжузші Слюнько, ры поезд сіз орын лікті жу озаттары пайдалану дету жол рыш, өз жұмыс іс

Петроп бригадала кәзір оты 939 паро қарған бр көмір үн жеткен т ету үшін

Жол бө рі бұл кү ауыр сал дарып оти поездарын нормадағы

Бөлімші жүргізуші кеңінен ө де келелі сым көпші термен жо ды. Соны тездету ар мін едәуір

Сөйтп, машинисте пыларыны беру үшін де.

Аалық дәулеті

* * *

ерге жол берілмесін

ың азат
жыйнау,
ызу қар-

комму-
нің мү-
қпен кі-
Павел
байымен
жердің
ер астық
Шәкер
е астық
р жанд
р астық

рдың жұ-
сағдайлар-
унжерінен
аңға жет-
ндарына
е колхоз
е жүзде-
озда ас-
нымен бір
ымдасты-
на күні-
қты осы
ин аудан-
ылық ар-
мді жый-
н қызу

талықта-
ге жуық
Әресе
айдалану
аге дейін
иқталған

Ком-
Суну

на қатаң талап қылмады. Олар кеңесші-
дікке салынды, МТС-терге дурыс басшы-
лық етін отырмады. МТС мастеркөйла-
рындағы жөндеу жұмыстарында жайбара-
қаттық күшті. Соның салдарынан облыс-
та комбайндарды жөндеу ісі әлі аяқтал-
ған жоқ.

МТС-тердің жөндеуді деген комбайнда-
рының жөндеу сапасының да төмен еке-
нін егін орағының барысы көрсетті. Мы-
салы, Суворов, Калинин, Совет МТС-те-
рінің қамтуындағы колхоздардың егін ба-
сындағы комбайндары жиі бұзылып, тұ-
рып қала береді.

Облыстың МТС-тері мен колхоздарын-
дағы добогрейкалары, тағы басқа егін
оратын жай машиналарды жөндеу ісі де
бетімен жіберілген.

Егін жыйнаудағы басты мәселенің бірі
— астық бастыру, оны тазартып, пункт-
терге жөнелту болып табылады. Дегенмен,
бұл істе де елеулі көмшіліктер орын ал-
ған. Кониюхов ауданында 14 күрделі және
көп ат молотилкалары бар. Ама! не, сол
молотилкалардың көпшілігі астықты ба-
стыруға пайдаланылмайды. Олардың бірақ-
тары әлі жөндеусіз жатыр.

Ленин ауданындағылар «егін әлі көк-
теу бой, уақыт жетеді, жыйнап үлгіреміз»
дегенді көп айтады. Ал іс жүзінде жағдай
мүлде өзгеше. Пісуі жетіп тұрған егінді
жылдам жыйнау қажет. Оған қарамастан,
егін орағына ауданның барлық колхоз-
дары жаппай кіріскен жоқ. Мұның өзі
егіннің ысырап болу қаупін туғызуда.

Егін орағына кіріскен күннен бастап,
астық дайындау мәселесін бұл ауданның
бірешыра колхоздары мықтап қолға ал-
мады. Сондықтан да Сталин атындағы,
Ворошилов атындағы, Амангелді атындағы
ауылшаруашылық артельдерінің қырман-
дарында тонналаған астық пункттерге

Ірі ұтыстар

Облыстың барлық жыйнақ кассаларында
ССР Одағы Халық Шаруашылығын Өркен-
детудің Мемлекеттік Заемның (1951 жө-
ғы) бірінші тиражы және басқа да мемле-
кеттік заемдар бойынша облигация иеле-
ріне ұтыстар төленуде.

Жуырда К. жолдас орталық жыйнақ кас-
сасына келіп, облигациясын тексергенде
оған 25.000 сом ұтыс шықты. Қаданның
жыйнақ кассалары ССРО Одағы Халық Ша-
руашылығын Өркендетудің Мемлекеттік
Заемның 1-тиражы бойынша қала еңбек-
шілеріне 400 мың сомнан астам ұтыс төле-
ді. Оның ішінде 25.000 сомдық бір ұтыс,
5.000 сомдық бір ұтыс және 1.000 сомдық
30 ұтыс бар.

«Комсомолка» тігін фабрикасының жұ-
мысшысы З. Морозова жолдасын ССРО
Халық Шаруашылығын Қалпына Келтіру-
дің және Өркендетудің Мемлекеттік екінші
заемның 50 сомдық облигациясына 12.500
сом ұтыс шықты.

1952 жылдың 7 айы ішінде барлық мем-
лекеттік заемдар бойынша заем ұстаушы-
ларға 2 миллион 352 мың сомның ұтысы
төленді.

А. ОПАРИН.

№ 164 орталық жыйнақ кассасының
менгерушісі.

КОЛХОЗ КӨРКЕМӨНЕР ДАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КОНЦЕРТІ

«Путь к коммунизму» колхозында (Ок-
тябрь ауданы) егінші колхозшыларды мә-
дениетті қамту мақсатында көркемөнер да-
рындыларының үйірмесі құрылған. Бұл
үйірмені оқу үйінің менгерушісі Н. Стад-
никова жолдас басқарады. Селолық көр-
кемөнер дарындылары үйірмесінің жұмы-
сына тракторшы Николай Сничан, колхоз-
шылар Николай Давыдов, Иван Кобзарь,
Иван Тысячный, Николай Чесенко, Анна
Никрасова, Мария Дундукова және басқа-
лары белсене қатысып жүр.

КИНО

Бейбітшілік ісіне қызмет ететін фильм

Облыс кино-театрларының экрандарында
көрсетіле бастаған «Б» операциясы» деген
жаңа чехословак фильмі бейбітшілік
үшін күрес тақырыбын баяндайды, со-
циализмнің негізін салып жатқан че-
хословак халқының талай құрбандық-
тардың ауыр күрестің арқасында қол
жеткен жаңа, бейбіт тұрмысын қорғау
үшін бандеровшіл бандалардың қалдықтарын қалай жұрытқандығын көрсетеді. Фильмнің аса зор маңызы сол—ол бейбітшілікті қорғау ісі үшін қызмет етеді, еркін еңбек пен бақытты тұрмыстың не екенін көрген халықтың ішкі-сыртқы жаудың қайсысына болса да сөккі бере алатынын көрсетеді, сонымен қабат, фильм соғысты, одан түсетін қанға боялған пайданы көк-сейтіп империалист жұртқыштарға қаһарлы ескерту болып естіледі.

Фильм тарихи факті негізінде құрылған
режиссері Йозеф Мах, сценарийін жазғандар
Э. Фикер, М. Фрич, О. Кирхнер. Ав-
торлар фильмде оқийғаны көркем образ-
дар арқылы баяндауда тек бандеровшіл
банданың қалдығымен күресудің шеңберін
де ғана қалып қоймай, соғыс өртіп тұта-
ндырушылардың әрекеттерін де, чехословак
халқының қас жауы словак демократия-
шыл партиясының, католиктік шіркеудің
опасыздық әрекеттерін де әшкерелейді.

Гитлершіл Германия талқандалғаннан
кейін Чехословакия жерінде бандеровшіл
банданың қалдықтары бүліншілік, дивер-
сиялық әрекеттер жүргізіп, халықты тона-
ды, бейбіт адамдарды қырғынға ұшырат-
ты, сөйтіп, республиканың жерінен өтіп,
Батыс Германияда американдықтар қалпы
на келтіріп жатқан гитлершіл фашистік
тобырлардың қалдығымен қосылуда тырыс-
ты. Өз тағдырын өз қолына алған чехо-
словак халқына опасыздық жасаған словак
демократияшыл партиясы, католиктік шір-
кеу бандеровшілдерді басқарған бейбітші-

қилы баяндалады. Олар халықтың адал
ұлдары, кісі өлтіргіш банданы құрыту кер-
ек деген патриоттық мақсатпен жігерлен-
ген адамдар. Коммунист партиясының гап
сырмасын орындау күресінде олар бәріне
де әзір тұрады.

Артист М. Ваврушканың ойнауында сол-
дат Тонда халықтық нағыз өкілдерінің бі-
рі, халық алдындағы өзінің борышын жақ-
сы түсінетін, өз Отанын шексіз сүйетін,
жаумен ешқашан да келіспейтін, партия
ісі үшін жанын қиятын жауынгер болып
көрінеді. Ол жанындағы жолдастарын да
осындай патриоттық рухта тәрбиелейді.

Міне, Тонда бандеровшілдердің қолында
тұтқында. Ол кісі өлтіргіш банданың бас-
шысы Бурлақтың алдында тұр. Жендеттің
Тондаға не істесе де еркі. Бірақ, Тонда
одан еш жасқанып тұрған жоқ, өзінің жа-
уынгерлік борышын өтеу жолында өлімді
болса да ерлікпен қарсы алғалы тұр, еш-
бір тіл қатпайды, еңкейіп тізесін бүкпейді.

Халыққа, Отанына және партия ісіне
деген шыр берілгендік, жігер-қаһрат сы-
яқты қасиеттер артист Мартин Тяпак
орындаған солдат Ондранның бойында да
бар. Ондра да жаумен кездескенде сасуды
білмейді, сондықтан да ол байқаусыз да
жау қолына түскенде батылдығы, тапқыр-
лығымен бандитті қарусыздандырып, оның
өзін тұтқындайды, сөйтіп, штабка айдап
әкеледі.

Осы сыяқты, фильмде бандеровшілдерді
жою операциясын басқарған ұлт хауіпсіз-
дігі майорының образы да өте шебер бей-
неленеді.

Мұнымен қатар, фильмге қатысушы ар-
тистердің екінші бір тобы (Милослав Гө-
луб, Ярослав Мареш, Йозеф Хвалина, Да-
на Медржицка) бандеровшіл кісі өлтіргіш
опасыз азғындардың өкілдерін ешбір
артық сілтеусіз, нанымды түрде, олардың

Алғашқы қарқын

Июль айының соңғы күндері. МТС-те егіс орағына әзірліктің ақырғы жұмыстары жүріп жатқан-ды. Бірнеше күн бұрын орамда қаз-қатар тізіліп, егіс майданына аттануға бұйрық күтін тұрған дала кемелері енді біртіндеп сейіліп, колхоздарға кетіп жатыр еді. Күні бойына мастерекейға бір кіріп, бір шығып, өздерінің құрал-саймандарын түгендеп, алдын-ала кейбір запас бөлшектер әзірлеуге де заказ беріп жүрген комбайншылар мен тракторшыларды көруге болатын.

Олар бір-бірімен кездесіп, аз ғана әңгімеге келгенде:

—Іске сәт болсын! Қалай, міндеттемені орындаймыз ғой, ә?

—Орине, орындаймыз.

—Машинамыздың жөндеуі жақсы. Негізгісі сол ғой.

—Ал, менің машинама жаңа. Құлашты қалай сермесемде көтереді,—деген сыяқты әрі көңілді, әрі өз күштеріне сенушілікті білдірген сөздер жиі айтылатын.

Міне, солардың бірі —жас комбайншы, МТС комсомол ұйымының секретары В. С. Овчинников. Ол өткен егін жыйнау маусымында комбайншының көмекшісі болып істеген еді, ал, бийыл комбайнда өзі жеке істейді. Ол өзінің көмекшісі А. Гласныхпен бірге түске дейін машинасының тетіктерін ақырғы рет байқап шықты да, түстен кейін МТС партия ұйымының секретары Волков жолдасқа барды. Өйткені, бұл күні егін орағы алдындағы соңғы комсомол жыйналысы шақырылған еді. Ол партия ұйымының секретарымен жыйсалыстың күн тәртібіндегі МТС комсомол ұйымының егін орағындағы міндеттері

туралы мәселені қалай шешу жөнінде кеңесіп, нұсқау алды.

Кешке МТС комсомолдерінің жыйналысы болды. Жыйналыста комсомол ұйымының секретары Овчинников жолдас күн тәртібіндегі мәселе жөнінде баяндама жасады. Ол әрбір механизатор-комсомолдің алдында тұрған міндеттерді айта келіп, өзі басқарған комсомол бригадасының жұмысты қалай істейтіндігіне де жете тоқталды. Өзінің «Сталинец—6» комбайнымен маусым бойына 700 гектар егін жыйнайтынын айтты.

Жыйналыста басқалар да сөз сөйледі, өздерінің ұсынысын жасады, алған міндеттемелерін айтты. Сойтін, көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хаттары міндеттемені мінсіз орындау үшін жас механизмдер арасында социалистік жарысты кең өрістетуге қажеттігі атап көрсетіліп қаулы алынды.

Ертеңіне басқа комсомолдермен бірге, Овчинниковтың бригадасы да колхоздың егін даласына комбайншы алып жүріп кетті.

* * *

Колхозда да әзірлік жаман емес-ті. Комбайндардың ораққа кірісуіне бәрі дайындалып қойылған болатын. Колхоз басқармасы Овчинниковқа жұмысты пырей жынаудан бастауды ұсынды. Алған міндеттемені аброймен орындап, егіннің бір дәнін де жерде қалдырмай жыйнап алуға колхозшыларға барынша көмектесеміз деген мақсатпен жігерленген кішкене, бірақ, ұйымшыл коллектив бұл ұсынысты қарсы алып, жұмысты қызу қолға алды.

Овчинников пен оның жолдастары алғашқы алты күн бойына пырей жыйнауды

болды. Бұл мерзімде 89 гектар пырей жыйналып одан 142 центнер өнім алынды. Бірақ, Овчинниковты алғашқы қарқын қанағаттандырған жоқ. Ол машинаның жұмыс өнімділігін бұдан кемінде 1,5—2 есе арттыруды ойлады.

Бұл жөнінде көмекшісі Гласныхпен сменамен жұмыс істейтін тракторшы комсомолдер Бойкомен және Подаксеновпен кеңесті. Комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасау жөнінде колхоз басқармасына да талап қойылды. Ақыры, жас комбайншы ойлағанына жетті де. Ол бидай егісін жыйнауда жұмыс өнімділігін 40 гектарға жуықтатты.

...Дәнінің салмағы мен сабағының басы төмен қарай майысып, жайқалып тұрған егін жай аядайдан қарағанда толқыған теңіз сыяқты. Ал, сол егінді жыйнап жүрген комбайн кемеге ұқсайды. Егін даласындағы алып машиналардың гүрілдеген дауыстары, адамдардың қаурт қыймылы және тоқтаусыз ағылып жатқан көліктердің бәрі еңбек дабылын қағып тұрғандай.

Күн түс болып қалған еді. Біз басқа агрегаттарда болып, енді алыстан көрінген жалғыз комбайнға қарай беттеп келеміз. Жақындап келсек, Овчинников жолдас комбайншы түскі үзіліске тоқтатқалы жатыр екен. Бірақ, мотор әлі тоқтамаған, бункердегі астық арбаларға босатылуға Әлгідей болған жоқ, астық артылған көліктер жолды төтелеп кесіп алып қырмайға қарай беттеді.

Комбайншы да, оның көмекшісі де, тракторшы да өңірдей жас жігіттер. Бәрінің қыймылы шымыр, жүздерінен жігер сезіледі. Олар комбайн мен трактордың кейбір тетіктерін байқап шығып, су мен жанармай құйды да, асбасшы әйелдің жү

мыс басына әкелген ыстық тамағын ішуге кірісті.

Біз көптен таныс адамдардай әңгімелесіп кеттік. Овчинников жолдас өзі басқарған комсомол бригадасының жұмысы туралы қысқа ғана тұжыры.

—Бүгін 35—40 гектар болып қалар дейміз, — деді ол. Өйткені, қойылған мейінің жартысына жақындадық. Ал, жалпы міндеттемеміз —700 гектар егін жыйнау. Егер қарқын үнемі осылай болса, міндеттеменің едәуір артығымен орындалуы сөзсіз.

Бұдан кейін ол өзінің көмекшісі Гласных, тракторшылар Бойко мен Подаксенов жолдастарымен қалай жұмыс істейтіндігі жөнінде айтты.

Түскі үзіліс біткен соң жұмыс қайта басталды. Біз егінді ұстарадай сыпыра, даусы даланы жаңғырықтырып бара жатқан комбайнның соңынан біраз ерін бардық та, қызыға қарап қала бердік.

* * *

Кешке бригада қосында әр комбайншының істеген жұмысы қорытылды. Овчинников жолдас соңғы екі күнде 79 гектар бидай жыйнап, 900 центнер астық бастырған және 90 килограмм жанармай үнемдеген. Тракторшылар Бойко мен Подаксеновтың үнемдеген жанармайы —57 килограмм.

Ал, пырей жыйнауда Овчинников жолдас алты күнде 2300 сом ақшалай, 170 килограмм астықтай табыс тапқан. Басқаларының табысы да аз емес.

Комсомол Овчинников басқарған комсомол бригадасының егін жыйнау жұмысындағы алғашқы қарқыны осындай.

Б. ҒАЛИЕВ,

Ленин ауданы, «Путь к социализму» колхозы.

екі ай бұрын тұтқынғы Фиат автомобиль зауышысы Турин шағым

СОҒЫС ПЕН АШ

МОНТЕВИДЕО,

«Эль паис» газетінің Бразилияның Рио-Гранд штаты) қаласында талған. Сауда, өнеркәсіп мемлекеттік мекемелерінің қалада қымбаты

ЛОНДОН, 13 август агенттігінің тілшісі Сидней деп хабарлайды: 13 август «Шервудер орманшылар полкінің құрамында 64

МӘДЕНИЕТ

16-17 августа

ҚАЗАҚТЫҢ

Хор оры

Ойын кешкі сағат

«УДАРНИК» ки

Бүгін және күн сай

«КАТЕР

Сеанстар сағат 6-8-

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмес